

Қарасай ауданы әкімдігінің "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2017 жылғы 09 қаңтардағы № 3 қаулысының күшін жою туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 23 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қаңтарда № 6076-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2017 жылғы 09 қаңтардағы № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4070 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ж. Естенов